



### САҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

2024 жылдың басынан бастап мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға өзгерістер енгізілді. Осы жаңашылдықтарға сәйкес құрылыс саласындағы инженерингтік қызметтерді техникалық қадағалау және жобаларды басқару бойынша мемлекеттік сатып алу енді рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс тәсілімен ғана жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, мемлекеттік сатып алу веб-порталы ғысықталды.

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесіне өзгерістер енгізілді, олар бойынша лоттарға олардың біртекті түрлері бойынша және оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша бөлу талап етілмейді.

Бұл жаңашылдықтар ашықтық, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу үшін өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында енгізілді.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

### «BIRGEMIZ» АКЦИЯСЫ

## ЕРІКТІЛЕР ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ АУЛАЛАРЫН ҚАРДАН ТАЗАРТТЫ



Облыстық «Жастар рухы» жастар қанатының бастаған «BIRGEMIZ» акциясына мағжандықтар да қосылып, ауданда тұратын жалғызбасты қариялардың, мүгедек жандардың және зейнеткерлердің үй маңын қардан тазартты.

Еріктілер бірінші кезекте су басу аймағындағы жеке үйлердегі зейнеткерлерге, көпбалалы отбасыларға және ерекше күтімді қажет ететін адамдарға көмектесті.

Биылғы жыл қарлы қыс болғандықтан, қар жауған сайын бізде жұмыс көбейе түседі. Бәріміз бірге аулаларымызды таза және қауіпсіз етуіміз қажет. Үй маңындағы аумақтар мен үйлердің шатырларын қардан тазартуларымызды өтінеміз, мүмкіндігінше карт туыстарыңызға көмектесулеріңізді сұраймыз.

«BIRGEMIZ» акциясын бірге қолдап, бәріміз көмек пен қолдау көрсету үлгісі болайық, - деген болатын Бұлаев қаласының әкімі Азамат Қыраубаев.

Аталмыш акцияға ауданның мемлекеттік қызметшілері, жастары мен жеке кәсіпкерлері қатысып, ауылдық округтерде жалғасты.

Айта кету керек, Бұлаев қаласындағы Сәбит Мұқанов пен Элеваторная көшелері бойынша қар тазалау жұмыстары жүргізілуде. Ол үшін бірнеше қар тазалау техникалары жұмылдырылды. Қаршығару жұмыстары бірінші кезекте су тасқыны қаупі жоғары аймақтардан шығарылды.

## БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ПАРТИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ



Алғашқы сұрақ бойынша төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Нұрсұлтан Елеусізов сөз сөйлеп, аудандағы су тасқыны қазіргі уақытта тұрақты. Аудан аумағында су басу қаупі бар аймақта 6 елді мекен бар: Бұлаев қаласы - орталық көл деңгейінің көтерілуіне байланысты 38 үй/115 тұрғын, Возвышенка ауылы - 2 үй/10 тұрғын, Бинаш ауылы - 16 үй/41 тұрғын, Қоскөл ауылы - 2 үй/8 тұрғын, Октябрьское ауылы - 8 үй/25 тұрғын, Алуа ауылы.

- Жоғарыда айтылғандарына байланысты су тасқынына қарсы іс-шаралар шеңберінде мынадай бірқатар іс-шаралар өткізу қажет.

- Тұрғын үйлер мен материалдық құндылықтарды су басуды болдырмау мақсатында елді мекендердің көшелерінен қар шығаруды ұйымдастыру.

- Елді мекендердің айналасындағы топырақты қаралау бойынша іс-шаралар жүргізу.

- Арық және нәсер жүйесі бар елді мекендерде оларды тазарту бойынша алдын ала жұмыстар жүргізу;

- Бекітілген аумақтарда су өткізу құбырларын ашу жұмыстарын жүргізу;

- Қолда бар су айдау техникасын дайындау бойынша жұмыс жүргізу;

- Жиындар, нұсқамалар, ауылдық қаттар арқылы тұрғындармен профилактикалық әңгімелер жүргізу қажет, жеке меншік аулалардың иелері өз үйлері мен материалдық құндылықтарын су басуға жол бермеу мақсатында өз үйлерінің жанында жұмыс жүргізу (суды беру, ағындар және т.б. жасалды), - деді ТЖБ бастығы.

Бүгінгі күні аудан бойынша 7 415 текше метр қар шығарылып, бұл жұмыстар өлі де жалғасуда. Су тасқынын алдын алу бойынша 1020 үйді аралап, 3570 адам қамтылды. Бүгінгі таңда 410 орындық 18 эвакуациялық пункт бар. Сондай-ақ көше қиылыстарындағы құбырларды ашу жүзеге асырылып, аудан 500 тонна - құм, 500 тонна - балшық, 1500 тонна - қож, 600 тонна - киыршық тас сатып алынды. Қолда бар 36 мотопомпа Бұлаев қаласы мен ауылдық округтерге таратылып, қазір тағы 15 мотопомпа сатып алуға өтінім жасалған екен.

2023-2024 жылдарға арналған жылы маусымның басталуы аудан өкімдігінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 196 қаулысымен 2 қазаннан басталды.

- 47 білім беру нысандарының 19-ы «Сапро-Нат» ЖШС-нің сенімгерлік басқаруында, «Агропрофи» ЖШС-нда

13 ақпан күні «AMANAT» партиясы аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының отырысы өтіп, онда ауданда 2024 жылғы су тасқынына қарсы іс-шаралар өткізу, 2023-2024 жылдардағы қысқы кезеңде білім беру объектілерінде жылуды үздіксіз қамтамасыз ету, «AMANAT» партиясының жол картасы шеңберінде Бұлаев қаласында 3 қабатты 45 пәтерлі үй салу барысы туралы мәселелер күн тәртібіне шығарылды.

7 нысан, қалған 19 білім беру нысаны дербес жылытылады. 2023 жылы 8 жаңа қазандық, 2 түтін құбыры, 10 сорғы тобы сатып алынды және орнатылды, сондай-ақ 1 түтін құбыры жөнделді. Сондай-ақ, 2023 жылдың 18-19 қараша күндері қолайсыз ауа райына байланысты Мағжан Жұмбаев ауданының аумағында электр беру желісі апатқа ұшырады.

Көптеген мектептерде электр энергиясын беретін генераторлар болмады, осыған байланысты жылыту жүйесінің қатып қалу қаупі болды, бүгінгі күні білім беру объектілері бойынша генераторлармен қамтамасыз ету 100% құрайды.

Авариялық бригадалар әрбір ауылдық округте құрылды және аудан бойынша екі авариялық бригада бар, «Сапро-Нат» ЖШС (жұмысшылар саны 6 адам, 1 жеңіл автомобиль) жұмыс істейді. «Агро-Профи» ЖШС (жұмысшылар саны 3 адам, 1 жеңіл автомобиль). Қажет болған жағдайда Петропавлдан авариялық бригада тартылды, - деді ТЖШ, ЖК және АЖ бөлімінің бас маманы Дамир Исабаев.

Өз кезегінде білім бөлімі басшысының м.а. Талғат Қарабаев бөлім 2023 жылы 19 генератор сатып алғанын жеткізді.

- Соңғы оқиғаларға байланысты (бүкіл аудан бойынша жарықтың сөнуі) «Сапро-Нат» ЖШС мен «Агропрофи» ЖШС-нің сенімгерлік басқаруындағы мектептерде генераторлардың жоқтығы анықталды. Осыған орай, бөлім 19 генератор сатып алды, - деді Талғат Болатұлы.

Үшінші сұрақ бойынша құрылыс, сәулет және қазақ құрылысы бөлімінің басшысы Руслан Сәдуақасов сөз алып, Бұлаев қаласы Луговая көшесі бойында орналасқан 3 қабатты 45 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы 2022 жылдың мамыр айында басталғанына тоқталды.

- Мәрдігер - «Иман» ЖШС болып табылады. 2024 жылғы 12 ақпандағы жағдай бойынша үйде қабырғаларды сырлау басталды (бір кіре-берістің пәтерлерін сырлау аяқталды, баспапдақсыз), линолеум төсеу аяқталды.

Үйдің кіребе-берістерінде плиткаларды төсеу жұмыстары аяқталған жоқ, 1

кіреберісте бояуға дайындық жұмыстары аяқталған жоқ. Сумен жабдықтау және көріз жүйесі түпкілікті орнатылмаған (құрылыс материалдары тек 9 ақпанда әкелінген). Сантехниканы орнату, электрмен жабдықтау желілерін құжаттау жұмыстары аяқталған жоқ.

Тұрғын үйді тапсыру мерзімдерін бузғаны үшін мәрдігерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қауысуының ретінде тану үшін сотқа қуыны берілді. Сот отырысы 20 ақпанда белгіленді, - деді Руслан Қасымжанұлы.

- Партиялық бақылау комитетінің Республикалық отырысында: «Барлық анықталған бұзушылықтар бойынша Партиялық бақылау комиссиялары партия мүшелері - мемлекеттік органдардың жауапты басшыларына партиялық жаза қолдану жөнінде шұғыл шаралар қабылдауы қажет» деген тапсырма берілді.

Бұдан басқа, партиялық бақылау комиссиялары партия мүшелерінің партияның жол картасын іске асыру мәселелері жөніндегі қызметін ерекше партиялық бақылау алуы қажет.

Осы тапсырмалар мен ұсынымдар, сондай-ақ айтылған барлық ұсынымдарды қаулы жобасына енгізуді ұсынамын. Сондай-ақ Саяси кеңес бюросына білім, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және құрылыс бөлімдерінің басшылары партиялық жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдар жолдады.

Соның нәтижесінде Саяси кеңес бюросының кезекті отырысы өтіп, аталған бөлім басшылары жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылданды.

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ, партиялық бақылау комиссиясының мүшесі.

# МІНСІЗ БЕДЕЛДІ MEMLEKETTİK ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Мемлекеттік қызметші азаматтардың мүдделерін бәрінен жоғары қою керек және жүктелген міндеттемелерді адал орындауды өз міндеті деп санауы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болуға және басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге тиіс.

Сондықтан, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің басты міндеттерінің бірі - қызметкердің мінез-құлқының және өзге адамдармен қарым-қатынасының оңды болуын қамтамасыз ету, сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды болдырмаудың алдын-алу жұмыстан тыс кезде заң бұзушылықтарға жол бермеу болып саналады.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыйпайлық және клиентке бағдарлану деген алты қағидатқа негізделеді.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге олардың қызметінен тыс кезде де өзінің адалдығына, ар-ұятына, әдептілігіне қатысты жұрттың күмәнін тудырмауға міндетті. Оның парасаттылық және адалдық сияқты тәртіптік әдеп стандарттарын сақтай отырып өз ұйымының беделін түсірмеуі қажет екендігін көрсететін әрекеттері, қылықтары және жүрісі мемлекеттік қызметші деген атаққа кір келтірмей, үлгілі мінез-құлқы-ізеттілік пен адалдықтың маңызды көрінісі болып саналады. Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын сақтап, оны мүлтіксіз орындау әрбір қызметкердің қоғамдағы жауапкершілігі мен міндеті болып табылады.

Қызметтік әдеп стандарттарының бірі - қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартыну.

Күмар ойындарға шамадан тыс әуестік мемлекеттік қызметшілерді басқа заңсыз табыс көздерін (сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол беру және басқа да оңай ақша табуға бағытталған әрекеттерге бару) іздеуге итермелеуі мүмкін.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 2 қарашадғы №396 Жарлығымен Әдеп кодексіне тиісті өзгерістер енгізіліп, оған сәйкес мемлекеттік қызметшілерге қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне баруға тыйым салынды.

Ата-бабаларымыз ар-абыройды баға



**Әрбір мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кірген кезде өзінің мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға дайын екендігі туралы ант қабылдайды. Мемлекеттік қызмет қоғам мүддесіне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауды нығайтуға ықпал етуге міндеттейді. Мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмірі оның кәсіби қызметімен тығыз байланысты. Рухани мәдениет пен білім, алаан тәрбие адамның тұлғалық болмысын құрап, нәтижесінде оның іс-әрекетіне ықпал етеді.**

жетпес құндылыққа балаған. «Пайда ойлама, ар ойла», «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрсемен озады. Одан басқа нәрсемен оздам деп демектің бәрі де ақымақшылық...» дей ұлы Абай атамыз айтып кеткендей, адам үшін ар-ұждан бәрінен қымбат, бәрінен биік. Хакім Абайдың ақыл сөздерін әрбір мемлекеттік қызметші көкейіне құйып, өмірлік ұстанымына айналдыруға тиіс.

Мінсіз беделі бар мемлекеттік қызметшілер туралы тақырыпты қозғай отырып, мемлекеттік қызметшілердің абсолютті көпшілігінің өздеріне жүктелген міндеттерге адал қарым-қатынасы және олардың орындалуына жауаптылығы туралы атап өтеліні.

Бізге өздерінің адал еңбектерімен жас ұрпақ үшін мінсіздіктің үлгісі болып табылатын көптеген мемлекеттік қызметшілер бар. Мен тек солардың кейбіріне тоқтала кетейін.

Қазбекова Гүлден Есімқызы, 1963 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданында дүниеге келген. 1985 жылы

педагогикалық институтты тамамдаған. Еңбек жолын Жамбыл ауданы Баян орта мектебінде тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі болып бастаған. 2005 жылғы маусымнан бастап мемлекеттік қызметші болып табылады. Осы 19 жыл бойы бір мемлекеттік органды жұмыс істеп келеді, оның атауы әр жылдары әртүрлі болып өзгеріп отырды, қазір - СҚО әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық - инновациялық даму басқармасының бас маманы болып табылады. Өзінің адал еңбегі мен мінсіз беделі үшін бірнеше рет облыстың Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің, Мамлют ауданы әкімінің Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерейтойлық медалімен марапатталған. Қарулы күштер мен құқық қорғау органдарының офицерлері болып табылатын, аталған органдардың Орталық құрылымдарында жауапты лауазымдарды атқаратын және өз қызметін абыроймен атқарып жүрген қызы Алтын мен ұлы Дәулетті тәрбиеледі.

Ереженова Елена Федоровна, 1963

жылы Атырау қаласында дүниеге келген (ол кезде Гурьев), Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін тарих пәнінің мұғалімі, ҚазМЗА - юриспруденция бакалавры мамандығы бойынша тамамдаған. 2003 жылдан бастап мемлекеттік қызметте: Петропавл қаласы әкімі аппараты заң бөлімінің бас маманы, Петропавл қаласы әкімі аппаратының бөлім бастығы, Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас маманы, Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығы меңгерушісінің м.а. және қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының әлеуметтік-экономикалық даму бөлімінің бас инспекторы. Көп жылғы мінсіз және адал еңбегі үшін бірнеше рет облыс әкімінің, Петропавл қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

Сұлтан Ернияз Рыскелдіұлы, 1982 жылы СҚО Шал ақын ауданында дүниеге келген. 2005 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті, шет тілі мұғалімі» мамандығы бойынша тамамдаған. Еңбек жолын 2005 жылы Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектеп-интернатында қазақ тілі мұғалімі болып бастаған. 2008 жылғы мамырдан бастап мемлекеттік қызметте. 15 жылдан астам уақыт бойы облыс әкімдігінің бір басқармасында жұмыс істеді, Қазіргі уақытта облыс әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бөлім бастығы болып табылады. Өзінің мінсіз қызметі барысында Тіл саясаты комитетінің Алғыс хатымен, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Байтеміров Азамат Сұлтанұлы, 1980 жылы Петропавл қаласында дүниеге келген, білімі жоғары математикалық, жоғары заңгерлік. Еңбек жолын 2001 жылы өңірлік Жаңа технологиялар және білім беру орталығының маманы болып бастады, кейін білім департаментінің жетекші маманы, облыс әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер бөлімінің басшысы болып қызмет етті. 2021 жылдан бастап «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің цифрлық технологиялар басқармасы» КММ басшысы.

Аталған мемлекеттік қызметшілердің жалпы сипаттамалары олардың мінсіз беделі, адалдығы, жоғары кәсібилігі мен сауаттылығы, әріптестерімен және азаматтармен қарым-қатынаста сыйпайлығы мен жауаптылығы болып табылады. Оларды жариялау үшін таңдағанда, мен Әдеп жөніндегі уәкіл ретінде жеке бақылауды ғана емес, сонымен қатар әріптестерімізді пікіріне сүйендім.

Сейілхан СЕРІКБАЕВ,  
Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі.

## MEMLEKETTİK САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ ӨНІМНІҢ СӘЙКЕСТІГІ?

Мемлекеттік сатып алу-бұл сатып алу, басқаша айтқанда, мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды сатып алу.

Сіздің талаптарыңызға сәйкес келетін тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу үшін сатып алу элементін сипаттау кезінде егжей-тегжейлерді жіберіп алмаңыз, әйтпесе қалағаныңызды алмаңыз.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде сатып алатын өнімге, осы өнім Қазақстан Республикасында сәйкестікті міндетті растауға жататынына назар аудару қажет.

Өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау сәйкестік туралы декларацияны қабылдау нысанында және (немесе) сертификаттауды жүргізу және сәйкестік сертификатты беру нысанында жүргізіледі.

Егер сатып алынатын өнім сертификаттауға не декларациялауға жататын болса, онда техникалық ерекшелікте сәйкестікті растау туралы құжаттың (сертификат немесе сәйкестік туралы декларация) болуы туралы талапты көрсету қажет.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес «Мемлекеттік сатып алу туралы» мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін ұйымдастырушылар техникалық ерекшеліктерде ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алы-

натын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған мемлекетаралық стандарттарды көрсетуі қажет.

Осылайша, сатып алуларда ұлттық стандарттарға сәйкес өндірілген тауарлар мен қызметтерге артықшылық беріледі бұл шара отандық өндірушілерді қолдауға, сондай-ақ өнімнің сапасын арттыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың Техникалық реттеу саласындағы қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі болып табылады және «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7, 40 баптарына сәйкес өнімді қоспағанда, оның техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне айналдығы шығару бөлігінде мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау.

Техникалық регламенттерде және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнімді айналысқа шығару және техникалық ре-

гламенттерде және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес сәйкестікті растау және (немесе) бағалау құжаттарыңызды айналысқа өнімді шығару түрінде жасалған Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін айыппұл түрінде өкімшілік жауапкершілік көзделген: Жеке тұлғаларға тоқсан мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар - жүз тоқсан бес, орта кәсіпкерлік субъектілері үшін - үш жүз он, ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін - алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Сатып алынатын (сатып алынатын) өнімге сертификаттар және (немесе) сәйкестік туралы декларация ұсынбау фактілері болған жағдайда, толық ақпарат алу үшін Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне, Петропавл қ., Ульянов к-сі, 56 үй, каб.23 тел. 52-75-31, 52-74-97.

**Азамат КАРИМОВ,  
ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бас маманы.**

## ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ MEMLEKETTİK АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ

2023 жылға Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің мемлекеттік аудит-орлары 72 аудиторлық іс-шара өткізді, оның барлығында 23 702,7 млн. теңге қамтылды.

17 805,9 млн. теңге сомасына бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар - 3 964,5 млн. теңге, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар - 13 841,4 млн. теңге. Оның ішінде 4 369,9 млн. теңге сомасына мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтауды бұзушылықтар анықталды. Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша қалпына келтіруге, бюджетке өтеуге жататын бұзушылықтардан 3 964,5 млн. теңге сомасында қалпына келтірілді және өтелді - 3 637,2 млн. теңге немесе 91,8%.

Жіберілген бұзушылықтар үшін аудит объектілерінің 74 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Құқық қорғау органдарына 72,6 млн. теңге сомасына 2 аудит материалы жіберілді, олар бойынша қылмыстық істер қозғалған, олардың біреуі бойынша кінәлі лауазымды адам 7 жылға сотталған, екіншісі бойынша сот талқылаулары жүріп жатыр.

Жол берілген өкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жалпы сомасы 42,1 млн. теңгеге айыппұл түрінде 532 өкімшілік жаза қолданылды, бюджетке 41,6 млн. теңге өндірілді немесе 98,8%.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын камералдық бақылау нәтижелері бойынша Департамент объектілер толық көлемде орындаған 31,1 млрд. теңге сомасына анықталған бұзушылықтарды жою туралы 2319 хабарлама жолдады.

# ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМДІ НАСИХАТТАЙТЫН ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ

Қазіргі қоғам-ақпараттық қоғам. Енді әр адам көз-келген ақпаратты және көп мөлшерде игере алады. Біз бәріміз күн сайын Интернет желісін пайдаланамыз, пайдаланушылардың көпшілігі 14 пен 25 жас аралығындағы жастар. Бұл пайдаланушылардың ең осал санаты, ол нақты сенімдері, саяси көзқарастары, дамыған технологиялары мен ресурстары бар субъектілердің деструктивті әсеріне оңай түсе алады.

Жастар діни білім алу немесе діни білімді толықтыру мақсатында күмәнді сайттағы интернет-сайттарға немесе онлайн беттерге жүгінетін түсінікті. Онда олар жалған уағызшылар тарапынан идеологиялық әуедеуен өтеді, олардың мақсаты жеке тұлғаның санасын бұрмалау, белгілі бір құндылықтарды қалыптастыру және террористер қатарына түпкілікті тарту болып табылады.

Біздің азаматтар дін туралы, оның ерекшеліктері, ағымдары, бағыттары туралы негізгі ақпаратты интернеттен алады.

Интернеттегі терроризм - бұл өте динамикалық құбылыс, веб-сайттар мен әлеуметтік желілердегі беттер кенеттен пайда болады, форматты жиі өзгертеді, содан кейін тез жоғалады. Көптеген жағдайларда бұл тек жойылу көрінісі, тек сайттың мекен-жайы өзгереді, мазмұны өзгеріссіз қалады. Көбінесе, террористік сайттарда шетелдік провайдер болады, сондықтан іс жүзінде оларды жабу оңай емес. Бір қызығы, мұндай сайттардың көпшілігінде басқа елдерде («.com», «.org», «.info» сияқты халықаралық интернет-аймақтарда) тіркелген интернет-мекенжайлар (домендік атаулар) бар.

Табиғаты бойынша, Интернет көптеген жолдармен террористік ұйымдардың тамаша өрісі болып табылады. Интернет террористік топтарды қол жетімділік жеңілдігі сияқты ерекшеліктерімен тартады: пайдаланушылардың, ең алдымен жастардың үлкен әлеуетті аудиториясының болуы; байланыстың анонимділігі, сондай-ақ ақпаратты таратудың жылдам және салыстырмалы түрде арзан тәсілі. Әсіресе мамандар «Facebook», «Instagram» және «Telegram», «Tik-tok» бағдарламаларындағы белсенділіктеріне алаңдайды. Олар аталған әлеуметтік желілерде жұмыс істеп тұрған ак-

каунттар мен экстремистік және террористік ұйымдардың қауымдастықтарының қарқынды өскенін атап өтті.

Жалпы, бүгінде Интернет желісіндегі жалдау қызметін ақпараттық ресурстардың үш негізгі түрін пайдалана отырып, экстремистік және террористік ұйымдар жүзеге асырады.

1. Әдетте шетелдік провайдерлердің серверлерінде орналастырылған ұзақ мерзімді «ресми» сайттар, онда үгіт-насихат сипатындағы аудио, бейне, графикалық және мәтіндік материалдар алғашқы жарияланады.

2. Экстремистік материалдарды одан әрі тарату (алға жылжыту) ұйымдастырылатын әлеуметтік желілер мен блогтар, оларды талқылау басталады, пікірталасқа қатысушыларды алғашқы жалдау зерттеуі жүзеге асырылады.

3. Үгітшілер мен жалдаушылар құрған қауымдастықтар. Олардағы байланыс экстремистік идеологияға қызығушылық танытқан жеке пікірталас қатысушыларының интернет-форумдары мен блогтарында қосымша жалдау үшін қолданылады.

Идеологтар мен жалдаушылар ешқашан «террористтер» сөзін қолданбайды - олар оны «бостандық үшін күресушілер», «Алғашқы жауынгерлер» сияқты ұғымдармен алмастырады. Террористік әрекеттерді сипаттай отырып, олар «қарсылық», «қарулы күрес», «жиһад» терминдерін қолданады.

Пайдаланушылардың кеңінен тарту мақсатында экстремистер дәстүрлі ислам өкілдерінің қызметіне нұқсан келтіретін жалған және арандатушылық материалдарды белсенді түрде таратады, деструктивті идеологияны насихаттай отырып, ханафи мазхабының догмаларын беделін түсіреді.

Сондай-ақ, жиһад форумдары өте танымал, олардың алаңдарында хат алмасу, қарым-қатынас, пікір алмасу және жалдау жұмыстары жүргізіледі. Яғни, танымал әлеуметтік желілерде ақпаунттардың пайда болуына қарамастан, форумдар радикалды ұйымдар үшін олардың идеологиясы мен тұжырымдамаларын таратудың ең сүйікті құралдарының бірі болып қала береді.

Экстремистік және террористік ұйымдардың көпшілігі өздерін үнемі мемлекеттік құрылымдар тарапынан

қудаланатын ретінде көрсетеді - мұндай тактика «жанашыр» ізбасарларды тартуға арналған. Қозғалыс немесе ұйым мүшелерін бостандық үшін күресушілер өздерінің тілектеріне қарсы зорлық-зомбылықты қолданады, өйткені аяусыз жау адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіреді. «Біздің зорлық-зомбылығымыз оның агрессиясымен салыстырғанда шамалы» - бұл өң танымал дәлел.

Орналасырылған Ақпарат мазмұны бойынша әр түрлі - атыс қаруын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан бастап террористік акциялардың дамуын көрсетуге дейін. Мұндай материалдар, көбінесе бейне-тректер форматтында (әуесқуб бейнеден жоғары кәсіби сапалы материалдарға дейін) танымал шетелдік бейне хостингтерде жарияланады. Бұл таңқаларлық емес, өйткені бүгінде террористік ұйымдардың көпшілігінде білікті IT-мамандармен, диджейлермен және операторлармен жабдықталған өздерінің медиа орталықтары бар.

Терроризммен қалай күресуге болады? Сол аяқ - ақпаратандыру. Террористтер жалған ақпаратты жалдау мақсатында пайдаланады. Бейбіт тұрғындарда терроризм дегеніміз не, ол Интернетте қалай көрінеді, қандай сайттар бар, олардың мақсаты қандай, мұндай топтарға қатысу және т.б. туралы білім алу үшін ақпарат болуы керек.

Білім қаруға тең. Білімді адамды адастыру оңай емес.

Белгілі саясаттанушы Збигнев Бжезинский: «Жастарды таратып, көз-келген ұлтты жаулап аласың» - деді. Сондықтан интернет кеңістігінде терроризм мен экстремизмді насихаттауға қарсы іс-қимылдың тиімді тәсілдерінің бірі қазіргі жастардың діни сауаттылығын арттыру болып табылады.

Ата-ана бақылауының маңыздылығын да бағаламауға болмайды. Балаларын жалдаушылар мен жалған уағызшылардың теріс әсерінен қорғау үшін ата-аналар балаларының әлеуметтік желілерде қандай мақсатта отыратынын, қандай қауымдастықтардың мүшелері екенін және сол жерде қандай білім алатынын білуге міндетті.

Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,  
діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.



КОНКУРС

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімінің аппараты» КММ мемлекеттік мекенітегі және жер пайдалануға 10 жыл мерзімге берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімінің аппараты» КММ хабарламаның (хабарлама) бірінші жариялымынан күнтізбелік отыз күн кезеңі бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталады. Осы конкурсқа қатысуға өтінімдер өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қабылданады. 2024 жылғы 18 наурыздан бастап 2024 жылғы 10 сәуірге дейінгі кезеңде өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады. Нәтижелерді шығарған күн конкурстың соңғы күні болып саналады. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні конкурстың нәтижесі шығарылады.

Конкурстың өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56 үй, 2-ші қабат, отырыс залы мекен жайы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің ғимаратында 2024 жылдың 11 сәуіргедей 10 сағат 00 минутта конкурстың нәтижелері шығарылады.

**Конкурстың шарттары:**  
Шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру бойынша конкурсты жер комиссиясы ҚР Жер Кодексінің 43 бабы 2 тармағына сәйкес өткізеді.

Шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу

үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіне хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оны түрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және өкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстың ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін

жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немес фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының үкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

**Конкурстың ұсыныста болу керек:**

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидалары қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртартпандыру бойынша индикативті көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстың ұсынысы, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Талаптарын сәйкес келмейтін, шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім қабылдамай тастауға жатады.

Конкурстың өтінімдері «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ-не 2024 жылғы 10 сәуір сағат 18:30-дан кешіктірмей: 150800, Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, мекенжайы бойынша қолма-қол, веб-портал арқылы немесе пошта арқылы беріледі.

Конкурсты өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Мағжан Жұмабаев ауданы өкімінің www.mzh.sko.gov.kz, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімі» КММ www.ozo-mzh.sko.gov.kz, сайтында немесе 8 (71531) 2-03-75, 8 (71531) 2-08-33 тел. бойынша алуға болады.

Лот №	Ақпараттың құрамы	Алаңы, га	Бонитеттің орташа көтерілген балы	Жер учаскесінің орналасқан жері	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Сумен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауылшаруашылық мамандануы
1	Табиғи жайылымдар: Г-12 өріс-45,2 г; буталар-58 г; жолдар-0,4 г; басқалары-0,6 г;	104,2	18,5	Ноғайбай би ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
2	Табиғи жайылымдар: Г-5,7 өріс - 31 г; Г8-11 өріс - 87,3 г; 5-1 өріс - 10 г; 5-3 өріс - 21 г; су астында-1 г; жолдар-2 г; басқалары-18 г;	170,3	27,3	Молодоговардейское ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
3	Жақсартылған жайылымдар: 1 өріс -126 г; жолдар-0,4 г;	126,4	19,3	Молодоговардейское ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
4	Табиғи жайылымдар: 8 өріс - 52 г; Жолдар - 1 га; басқалары-1 га; Су астында-30,1 га	84,1	38,6	Алтын дән ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту

15 АҚПАН - КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 35 ЖЫЛ

# АНТЫНА АДАЛ АРДАҒЕР



Кеңес әскерлерінің жекелеген бөлімшелері Ауғанстан аумағынан шыға бастауы өте күрделі операция еді. Он жылға жуық бөтен елдің мүддесін қорғаған Ауғанстан әскерлері құрамында Қазақстаннан 22269 жауынгер интернационалдық міндетін атқарды. Олардың 924-і сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тапты, 21 адам хабар-ошарсыз кетті, мыңдаған азаматтар елге мүгедек болып оралды. Қаншама қазақстандық отбасына қасірет әкелген Ауған соғысы біз үшін осылай аяқталған болатын. Биыл Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен толықтай шыққанына биылғы жылы 35 жыл толды.

**Ауған соғысы – Кеңес Одағы тұсындағы тарихтың ең қайғылы беттерінің бірі. 1979 жылы 12 желтоқсанда Кеңес Одағы басшыларының шағын тобы Ауғанстанға кеңес әскерін енгізу туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, 1979 жылы 27 желтоқсанда КСРО әскерлері Ауғанстан шекарасынан өтіп, онда 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді.**

Кезінде қатерге бел буып, батырлық пен ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, қаһармандық танытқан, интернационалдық парызға адал болған ауғандық ардагерлерді қадірлеп құрметтеу – біздің, келер ұрпақтың борышы. Он жылға жуық созылған соғыста біздің жерлесіміз - Ысқақ Сәкен Хамзәулі да болды.

Ол 1968 жылы Булаев ауданы Сулышоқ ауылында дүниеге келді. 1975-1983 жылдары Успенка орта мектеп-интернатында білім алып, мектеп бітірген соң, Петропавл орта-техникалық училищесінде болат темірбетон конструкцияларын монтаждаушы, тас қалаушы мамандығы бойынша бітіреді. 1986 жылы әскери борышын өтеу үшін Қарулы Күштер қатарына шақырылып, 1988 жылға дейін Ауғанстанда әскери қызмет атқарады. Екі жыл ішінде Сәкен Хамзәулі соғыс іс-қимылдарына қатысып, бірқатар ордендермен және медальдармен марапатталған. Сондай-ақ оған Ауған соғысының ардагеріне КСРО Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы мен «Интернационалист-жауынгер» белгісі табыс етілген екен.

Соғыс туралы сұрап білгенімізде, ардақты ардагеріміз аса ашылмады. Ол түсінікті де, Ауған соғысы қателік болса да, оған қатысқан сарбаздардың кінәсі

жоқ. Ауған жерінде жауынгерлеріміз өздерінің әскери міндеттерін абыроймен орындады. Олардың ерліктерін халқымыз ешқашан ұмытпақ емес. Бүгінгі күні жауынгерлердің ата-аналарының, тіпті Ауған соғысына қатысқан жауынгерлердің де қатары арамызда сиреп барады. Алайда жыл сайын өткізілетін осы бір еске алу шарасына қатысушылар саны артауда. Ал бұл – жауынгерлердің ерлігін ұлықтау, оларға құрмет көрсетудің белгісі, сондай-ақ Отанға деген сүйіспеншілікті білдірсе керек.

Әскерден аман-есен оралған жерлесіміз «Петропавловскстрой» трестінің «Промстрой»-нда әртүрлі құрылыс учаскелерінде, зауыттар мен тұрғын үйлер салу бойынша жұмыс істеді. 1990 жылы еңбек жолын Целиноград қаласында жалғастырып, жобалау және құрылыс процесіне қатысатын инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау жөніндегі аттестаттау орталығында бас инженер мамандығы бойынша екінші дипломға қол жеткізді. Сол кезден бастап бүгінгі күнге дейін елордамыз атанған Астана қаласында көптеген көз сүйсінер Гимараттар салуға атсалысып, учаске бастығы, директордың құрылыс бойынша орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарады.

Сәкен Ысқақ еңбек қызметіндегі жетістіктері үшін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрілігінің мемлекеттік Алғыс хаттарымен марапатталған. Қазіргі уақытта кейіпкеріміз құрылыс саласында қызметін жалғастырып, «Qurmet Solution» ЖШС техникалық директоры лауазымында жұмыс істейді.

Соғыс жалыны өшкен соң да жауынгерлер елінің аяғына нық тұруына үлесін қосып, отбасын құрып, балаларын өсірді. Сәкен Хамзәулі да өмірлік жары Айман Нұрланбекқызымен Асылтас есімді қыз бен Тілеген атты ұл тәрбиелеп өсірді. Олар отбасымен бірге егеменді еліміздің гүлденуіне өзіне үлес қосып, әр салада еңбектенуде.

«Өткенін ескермеген ешеді» дейді халық даналығы. Ендеше, Отанға деген шын сүйіспеншілігімен әскери антына адал болып, оқ пен оттың астына Отанының тапсырмасымен барып, ел үмітін ақтаған интернационалист-жауынгерлердің ерлігін есте сақтау, құрметтеу – баршамыздың қасиетті парымыз.

Мәрия ҚАЗЕНОВА,  
Сулышоқ ауылының кітапханашысы.

## ЖҰМЫС КЕҢЕСІ

# АЛДАҒЫ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІН АЙҚЫНДАДЫ



Кеңесті аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов ашып, жүргізіп отырды. Күн тәртібіне 2023 жылы атқарылған жұмыстың қорытындысы, 2024 жылға арналған мақсат-міндеттер жайлы сұрақтар шырғарылып, оны жиналғандар бірауыздан қолдады.

Бүгінгі таңда ауданның ардагерлер ұйымы аудан бойынша быныша 24 ауылдық, 1 қалалық және 17 бастауыш ұймдарды біріктіретін үлесімді құрылымға ие. Аудан бойынша цех ұймдары - 4. Ауданда 5576 зейнеткер тұрады: оның ішінде 170 тыл еңбеккері, 1 концлагерьде тұтқында болған адам бар.

Ардагерлер кеңесінің жұмысы аудандық кеңестің жылдық жоспарын, сондай-ақ облыстық ардагерлер кеңесінің перспективалық жоспарын орындау негізінде және Қазақстан ардагерлерінің республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесінің ұсынымдарына сәйкес және облыстық ардагерлер кеңесінің жоспары негізінде құрылады.

Ардагерлер жастармен және атқарушы билікпен бірге ел тарихындағы атаулы күндерге арналған салтанатты іс-шараларға қатысты. Барлық тыл еңбеккерлері мен жалғыз тұратын адамдардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларына тексеру жүргізілді, төрт жүзден астам әлеуметтік карта толтырылды. Аудан бойынша барлығы 303 зейнеткерге әлеумет қызмет көрсетілді.

Жастар ресурстық орталығы жалғыз тұратын зейнеткерлерге аулаларды қардан тазалау, отын дайындау, үй-жайларды ұсақ жөндеу бойынша нақты көмекті ұйымдастырып, жандандырды.

Биыл ардагерлер кеңесі облыс орталығына аквапарккі, театрлар мен филармонияларды, мұражайларды аралау бойынша жиі сапарлар ұйымдастырды. Барлығы 12 ұмытылмас сапарлар болды. Аудан ардагерлері жанадан ашылған Ислам мәдениеті мұражайының экспонаттарымен танысты, онда Булаев қаласы мен 9 ауылдық округ ардагерлеріне арналған сапарлар ұйымдастырылды. Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай ардагерлер

12 ақпан күні «Amanat» партиясы аудандық филиалының отырыс залында аудандық ардагерлер кеңесінің жиыны өтіп, оған аудан екімінің орынбасары Азамат Шеріпов, «Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Өзбілжінов, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова, білім бөлімі басшысының м.а. Талғат Қарабаев, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Елена Умонов, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағалары, БАҚ өкілдері мен жастар ресурстық орталығының мамандары қатысты.

кеңесі Мағжанның туған жеріне және Сарытомар ауылындағы мұражайға экскурсиялар ұйымдастырды.

Айлықтың қарсаңында ауданның 42 зейнеткері үшін Абылай хан резиденциясына, өлкетану мұражайына, ботаникалық баққа барып, облыс орталығының жаңа нысандарымен таныстыру арқылы облыстық қала бойынша экскурсия ұйымдастырылды. Біз танысу сапарлары үшін мүмкіндігінше көп зейнеткерлерді қамтуға тырысымыз.

Қарттар айлығын өткізу жоспарында спорттың 5 түрі бойынша аудандық жарыстар өткізілді: дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, дартс және үстел теннисі. Барлық округтер мен Булаев қаласынан 50 ардагер сайысқа түсті.

Булаевта кәсіпорындармен және ұймдармен байланысын үзген 880 зейнеткер анықталды. Барлығына құттықтау хаттары мен естелік сыйлықтар табыс етілді, - деді жыл бойы атқарылған жұмыстарға қысқаша қорытынды жасаған Оралбай Шеріпов.

2024 жылға арналған мақсат-міндеттер туралы Балқия Өтеуленова баяндама жасады.

Ардагерлер активіне әскери-патриоттық тақырып бойынша, жастарды, жоғары руханилықты, адамгершілікті, мәдениетті тәрбиелеу, тарихи жадыны қалыптастыру, еңбек адамына оң көзқарас мәселелері бойынша көмек ретінде ақпараттық-анықтамалық және едістемелік материалдар (көрмелер, стөндтер, буклеттер, брошюралар), күзгерлердің, соғысқа қатысушылардың және тыл еңбеккерлері туралы естеліктер дайындау.

Жеңістің 79-жылдығына және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы тарихындағы атаулы күндерге;



Ленинград блокадасының толық жойылуының 80 жылдығы;

- Тың және тайпаған жерлерді игерудің 70 жылдығы,
- Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдығы (1899 ж. - 1964 ж.), геология-минералогия ғылымдарының докторы, КСРО Ғылым Академиясының академигі, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті.
- Герольд Карлович Бельгердің 90 жылдығы (25.10.1934 ж. - 07.02.2015 ж., Шал ақын ауданы), жазушы, Қазақстанның мемлекет қайраткері, Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.
- Рахымжан Қошқарбаев 100 жылдығы (19.10.1924 ж. - 1988 ж.), Халық Қаһарманы, жеңіліске ұшыраған Рейхстагтың үстінен қызыл туды бірінші болып көтерді 30.04.1945 ж.
- Жошы ұлысының 800 жылдығы - Қазақ мемлекеттілігі тарихындағы маңызды күн;
- Социалистік Еңбек ерлері және "Қазақстанның Еңбек Ері" туралы;
- Солтүстік Қазақстан облысының, Петропавл қаласының және ауданның құрметті азаматтары туралы.

Ардагерлердің мемлекет, облыс, аудандар, ауылдар тарихындағы ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелерге, халықаралық күндер мен атаулы күндерге арналған салтанатты жиналыстарға, түрлі акцияларға және мәдени-бұқаралық іс-шараларға кеңінен қатысуын қамтамасыз ету және «Отты жылдар жырлары» патриоттық әндер конкурсы, «Аққайың елісінің тумалары» жобасы және басқа да іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

Сондай-ақ қоғамда отбасылық құндылықтарды дамытуға, халықтың бірлігі мен келісімін сақтауға, қайырымдылықты,

меценаттықты және волонтерлікті дамытуға жәрдемдесу, Наурыз мейрамы – «Наурыз шуағы» мемлекеттік мерекесін мерекелеуді жаңа тұжырымдамасын іске асыру мақсатында жергілікті билік органдарымен келісім бойынша мерекені келесі тіртіппен өткізу ұсынылады:

- бірінші күн - 14 наурыз - Көрісу күні
- екінші күн - 15 наурыз - Шежіре күні
- үшінші күн - 16 наурыз - Жайлау күні
- төртінші күн - 17 наурыз - Игі істер күні
- бесінші күн - 18 Наурыз - Шымырлық пен шеберлік күні
- алтыншы күн - 19 наурыз - Зияткерлік күні
- жетінші күн - 20 наурыз - Жорғалғы күні
- сегізінші күн - 21 Наурыз - Ұлттық тағамдар күні
- тоғызыншы күн - 22 наурыз - Бұқара күні
- оныншы күн - 23 наурыз - Мереке күні.

Ардагерлер кеңестері мен бастауыш ардагерлер ұймдарының педагогикалық ұймдармен, мектеп оқушыларымен, жастар құрылымдарымен, этномәдени орталықтармен тығыз қарым-қатынасын жалғастыратын болады, - деді Балқия Сағындықызы.

Жыын қорытындысы бойынша қаулы жобасы қабылданып, мәліметтер назарға алынды.

Осылайша, қаулыда келесідей міндеттер айқындалды:

1. Аудандық ардагерлер кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Барлық деңгейдегі төрағалар төралқа мүшелеріне, аудандық ардагерлер кеңесінің тұрақты комиссияларына Барлық белгіленген іс-шаралардың орындалуын қатаң сақталсын.
3. Атаулы күндерге арналған аудандық конкурстарға белсенді қатыссын (жылдық жоспарға сәйкес).
4. Осы тақырып бойынша аудандық буклет шығару үшін ескелең ұрпақты адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу бойынша буклеттер альбомдар дайындасын, үздік буклеттер мен альбомдар ардагерлер кеңесінің жастарды патриоттық тәрбиелеудегі жұмысын насихаттасын.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«АҚЫН, АЙТЫСКЕР ЕРІК АСҚАРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 65 ЖЫЛ»

# «Әліне еркелеген Әрік»

**Биыл ақын, драматург, аудармашы Ерік Асқаровтың туғанына 65 жыл толар еді. Осыған орай, 7 ақпан күні аудандық орталық кітапханасында ақынның мерейтойына арналған «Арманының ақ құсы» атты еске алу кеші болып өтті. Аталмыш іс-шараға «Еліне еркелеген Ерік» атты суреткітап, кітап көрмесі-инсталляциясы, буклеттер дайындалды.**

Кездесуге ақынның ағайын-туыстары, аудандық мекемелер мен ұйымдардың өкілдері, ұстаздар мен мектеп оқушылары шақырылды. Аудандық кітапхананың кітапханашылар Маржан Тұяқова мен Ерлан Киличбаев іс-шараны құттықтау сөзбен бастап, Ерік Асқаров туралы бейнероликті тамашалауға шақырды.

Алғашқы құттықтау сөзімен Мағжан Жұмабаев аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов шығып, жиналғандарға Ерік Асқаровпен Мағжан Жұмабаевтың мерейтойларында танысқанын айтып, оның ақандар мұшайрасын басқарғанын тілге тиек етті.

Орталықтандырылған кітапханалық жүйесі директорының м.а. Сандуғаш Бекішева жиналған қонақтардың назарына «Еліне еркелеген Ерік» атты суреткітабын ұсынып, оған енген суреттер мен мәліметтер аудандық мұрағат пен ақынның отбасынан алынғанын жеткізіп, ақынның әпкесі Жұмабике Қалиева мен Дүйсеке ауылында тұратын немере ағасы Төлеген Мұсатаевқа суреткітапты сыйға тартты.

Ерік Асқаровтың әпкесі Жұмабике апа інісі 1959 жылы 10 ақпанда Дүйсеке ауылында дүниеге келгенін айтып, оның оқуға жүйрік, зерек те алғыр оқушы болғанын мақтанышымен жеткізді.

Ерік 3-4 сыныптан бастап-ақ өлең жазғанды бастады. 8-ші сыныпты тәмамдаған соң, оны Алматы қаласында тұратын ақын аламыз Әмина Шалабаева алып кетеді. Жоғары сыныптарда оқып жүріп, оның өлеңдері республикалық газет-журналдарға жария-

лана бастады. Режиссер мамандығына оқып, Ерігіміз Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесі мен Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы бойынша түсірген бейнефильмдерінен өзге де көптеген дүниелерді жобалап жарыққа шығаруды жоспарлаған екен. Айтысқа қатысып, талай рет облыс намысын қорғап, жүлдегер атанды. Ол сегіз қырлы, бір сырлы өнерімен танылған талантты ақын еді. Қазір Қызылдарда Ерік Асқаров атындағы облыстық Жас ақандар мектебі бар. Оның ашылғанына биыл бес жыл толды. Үйірмеге қатысушылар айтыс, ақындық, шешендік өнер, мәнгерлеп оқу, домбыра тартудың қыр-сырын меңгереді. Осы уақыт ішінде оның шәкірттері көптеген жетістіктерге қол жеткізді, - деді ақынның әпкесі Жұмабике апа.

Иә, Ерік Мұхаммед-Хафизұлы – өте талантты ақын. Жастайынан туған халқының әдебиеті мен мәдениетінен сусындаған алғыр азамат ескен, толықсан шағында сол алған нәрін халқына сыйлаған. Ол драмалық туындыны аударумен де шұғылданған екен. Оның қазақ тіліне аударуымен грузин драматургі Лаша Табукашвилидің «Арманының ақ құсы» («В поисках фантома») спектаклі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының кіші залы сахнасында КСРО халық әртісі Әзербайжан Мәмбетовтің көркемдік жетекшілігімен 1981 жылдан бастап 1990-шы жылдар аралығына тұрақты қойылып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленген. Сондай-ақ саха драматургі Иван Гогольев-Кындылдің «Назара суох» комедиялық пьесасын да қазақ тіліне тәржімалаған.



Ерік Асқаров жырлары – өнге сұранып тұрған шығармашылық айдыны. Ақынның біршама лирикалық өлеңдеріне өн жазылған. Атап айтқанда «Кірме менің жүрегім», «Күзгі элегия», «Күліншақтарым» өлеңдеріне белгілі сазгер Еркеш Шакеев өн жазып, тыңдарман, көрермендердің сүйіп тыңдайтын туындыларына айналған.

Ол – көптеген республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың, Ленин комсомолы сыйлығының, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, Халықаралық поэзия «Түрік» фестивалі сыйлығының лауреаты атанды.

Ерік Асқаров - елінің еркесі еді. Жас күнінен Мағжаннан қалған жыр ырағының жалынан тартып мінген жалғыз ізбасар інісіндей, рухани жалғас ұрпағындай көрінгені шындық.

Кездесуде ақынның немере ағасы Төлеген Мұсатаев інілері

туралы естеліктерімен бөлісіп, ауылда өткен балалық шағы туралы айтып берді. Сондай-ақ Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Медет Бекішев, Мағжан Жұмабаев ауданының мұрағат директоры Нұржиган Кукла, «Мағжан жұлдызы» аудандық газетінің шеф-редакторы Еркебұлан Елубаев, Мағжан Жұмабаев атындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дәмежан Ысқақова, Дүйсеке ауылдық кітапханасының кітапханашысы Жібек Андамасова ақын Ерік Асқаровтың шығармашылығы өте бай, ол туған жерге, елге деген сүйіспеншілік туралы өлеңдері ерекше маңызға ие екенін тілге тиек етті.

Ал Дүйсеке ауылының тумасы Самат Оралов жиналған қауымға жерлес ақын ағасына арнап шығарған өлеңдерін оқып берді. Сондай-ақ кеште Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің оқушылары Сне-

жанна Рамазанова, Самира Жұмабек, Мереке Талғат, Жанәлія Мұқанова, Ринат Өтемұрат жерлес ақын Ерік Асқаровтың өлеңдерін оқыды.

Аудандық орталық кітапханада «Еліне еркелеген Ерік» атты кітап көрме-инсталляция дайындалып, кітапханашы Маржан Тұяқова шолу жасады. Кездесуде естелік ретінде барлық қатысушыларға ақын туралы буклеттер таратылып, қонақтар естелік суретке түсті.

Ерік ағамыз аз ғана ғұмырында халқына мол мұра қалдырды. Ақынның артында отын өшірмей отырған адал жары, өнер адамы Нәсіпжан Медейқызымен, алтын асықтай балалары бар. Өтер жылдар, өтер күндер. Бірақ, елдің еркесіне сезімі өшпес айқын, оның туған елі бар, жері бар, жерлестері бар. Сондықтан оның жұлдызы мәңгі жарқырап тұра береді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

## «АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ АЛМАС ҚЫЛЫШЫ!»



Биыл ақпан айының 10 күні айтулы айтыскер ақын, драматург, аудармашы, режиссер, жерлес ақынымыз Ерік Асқаровтың туғанына 65 жыл толды.

Ерік Асқаровтай танымал да талантты тұлғаның туған халқы үшін жасаған үнемі артына қалдырған рухани мұрасы еш ұмытылмақ емес. Әсіресе, Ерік Асқаровтың

шығармашылығының бір қыры – айтыскерлік өнері. Қазақ айтысы – халқымызбен бірге жасап келе жатқын үлкен өнер. Ерік Асқаров нағыз батыл мінезді, отты жан болды. Оның халық көкейіндегі

езекті мәселелерді қозғай білген өткір тілді айтыскер екендігі баршаға мәлім.

Осындай айтулы мерейтой қарсаңында Булаев қаласындағы Мағжан Жұмабаев

атындағы орта мектепте «Айтыс өнерінің алмас қылышы» атты әдеби кеш өткізілді. Бүліс-шараға ақынның әпкесі Жұмабике Хафизқызы және «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» РҚБ аудандық филиалының төрағасы Еркебұлан Әлімжанұлы, мектеп ұстаздары мен оқушылары қатысты.

Іс-шара басында мектебіміздің қазақ тілі мен қазақ әдебиеті кабинетіне танылмал жерлесіміз, айтыскер ақын Ерік Асқаровтың есімі беріліп, салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Мектебіміздің директоры Ербол Жекенов ақын туралы айта отырып, өзінің алғысөзімен бастады. Сонымен қатар ақынның әпкесі Жұмабике апа інісінің балалық шағы, оның ақындық жолға қалай түскендігін, ақынмен соңғы кездесуі туралы естеліктерін төбірене отырып баяндап берді. Еркебұлан Әлімжанұлы да ақынның өлеңдеріне, оның өз туған ауылына, еліне деген сағынышымен жазған шығармаларына тоқталып, оқушыларға ақын туралы тың деректермен бөлісті.

Қонақтар алдында Рамазанова Саягүл, Баймуратова Жәзира, Исмуқанова Дильнұра, Молдыбаева Дилыра, Қамалханов Дінмұхамед, Мұқанова Жанәлія, Әміренова Алина, Жұмабек Самира, Рамазанова Снежанна, Шерішева Дильназ, Бекжанова Дарина, Байбусина Дильназ, Өтемұрат Ринат сынды мектеп оқушылары ақынның «Кірме менің жүрегім», «Қызылжар», «Анамен сырласу», «Барады

ағып өрке Есіл», «Сібірге келді сары күз», «Туған топырақ», «Атбасар» атты шығармаларына нақышына келтіріп, мәнгерлеп оқып берді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері ақын шығармаларының оқушылар, оқырман қауымы үшін, болашақ ұрпақ үшін маңыздылығын ашып талдады. Ақынның туысы болашақта Ерік Асқаров атындағы кабинетке тың ақпараттар мен мәліметтер табыс ететінін айтып өтті. Осылайша алдағы уақытта Ерік Асқаров атындағы кабинет жаңа ақпараттармен, жабдықтармен толықтырылатын болады.

Әдеби кештің екінші бөлімінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары әрі мектептің «Дебат» клубының жетекшісі Жанара Бұқарбаева сөз сайысы туралы мәлімет бере отырып, мектептің «Жаңа көзқарас» және «Алаш» атты екі командасын ортаға шақырды. Екі команда «Технологиялық жетістіктер бізге қалай әсер етеді?» тақырыбында сөз сайысына түсті. Сонымен қатар, бұл күні мектебіміздің кітапханашысы Гүлнар Исанова ақынның мерейтойына арналған кітап көрмесімен таныстырып өтті.

Ерік Асқаров - қазақ айтысы тарихындағы ең елеулі тұлғалардың бірі ретінде мәңгі есте қалатыны сөзсіз.

Марал ҚАНТАЕВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі,  
Мағжан Жұмабаев атындағы  
орта мектеп.

ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСТЫ ТЕТІГІ

Қазіргі уақытта мемлекет бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауда. Электр энергетикаға қатысты заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалға, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №143 бұйрығымен бекітілген, электр энергиясын пайдалану Қағидаларына сәйкес, электрмен жабдықтау жүйесіне қосылуға техникалық шарттарын беру мерзімі қысқартылған. Осыған орай, электрмен жабдықтау жүйесіндегі реформалар қатысты Қазақстан Республикасы Энергетика министрі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті басшысы Николай Павлович Борзиловпен сұхбаттасқан едік.

ҚОСЫЛУ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ



- Николай Павлович, тағы не өзгергені айтыңызшы?

Құрылыс-монтаж жұмыстарына рұқсат алу қажеттілігі жоқ. Енді жобалаушыға мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына жұмыс басталуы туралы хабарландыруды электрондық нысанда жолдау жеткілікті. Сонымен қатар, энергетикалық қадағалау мен бақылау мемлекеттік бойынша органианы электр жүйесіне қосылу үшін рұқсат алу қажеттілігін алып тастаған. Энергиямен жабдықтау ұйымымен электрмен жабдықтау үшін апталық шарт жасасу мерзімі үш күнге дейін қысқартылды. Қазақстан аумағында энергия өндіретін, энергия беруші ұйымдары мен тұтынушылары электрлік энергиясын пайдалану реті жағында көрсетілген қағидаларымен анықталатынын белгілейміз.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 172 бабы 6 тармағымен энергиямен жабдықтау ұйымының тұтынушымен энергиямен жабдықтау жеке еңбек келісім-шартын жасасудан бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік алдын ала ескертілген.

- Энергетикалық сараптаудан өткізу қажет па?

Желіге қосу алдында энергетикалық сараптауды өткізу қажетті емес.

- Электрлік желіге қатынауды қалай алуға болады?

Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым электр желісіне рұқсат алу үшін көп пәтерлі құрылыстарда тұратын тұтынушыларды қоспағанда әрбір тұтынушыға техникалық шарттар береді. Қағиданың 12-тармағына сәйкес, энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым қосылу үшін техникалық шарттарды мынадай жағдайларда: энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр желілеріне жаңа енгізілген немесе жаңартылған электр қондырғыларын қосқанда; тұтынылатын электр қуаты бұрын берілген техникалық шарттарда белгіленген қуаттан артық; электрмен сырттай жабдықтау схемасы өзгергенде; тұтынушының электр энергиясын қабылдағыштарын электрмен жабдықтау сенімділігінің санаты өзгергенде береді.

- Техникалық шарт қандай мерзімде беріледі?

Тұтынушыға электр желілеріне

қосылу үшін техникалық шарттар нысан бойынша өтінім негізінде беріледі. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI ҚРЗ Заңының (өрі қарай - Заң) 11-тармағына сәйкес, табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтінім бас жұмыс күні ішінде қаралады, техникалық шарттарды алу мерзімі 14 күннен 5 жұмыс күніне қысқартылды.

- Салынып жатқан объектілерге техшарттары қажет пе?

Салынып жатқан объектілерді электрмен жабдықтау үшін тұтынушыға құрылыс кезінде уақытша техникалық шарттар беріледі.

- Техшарттарды беруден бас тарту қарастырылаған ба?

Энергия беруші ұйымның электрлік желілеріне немесе энергия өндіруші ұйымның электр қондырғыларына қосылуға техникалық мүмкіндігі жоқ кезде техникалық шарттарды берілуі мүмкін емес.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі 301-1 бабында электр және жылу желілеріне қосылу үшін техникалық шарттарды берілуі және (немесе) құжаттарды қабылдаудан бас тартқаны, беру мерзімі мен талаптардың негізін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік алдын ала ескертілген.

- Техшарттарды алу және қайта рәсімдеу үшін ақы алынатыны техникалық шарттарда көрсетілген бе?

Қайта рәсімдеу техникалық шарттарында ақы алынбайды. Қағиданың 17 тармағында тұтынушы энергия беруші ұйымның электр желілеріне немесе энергия өндіруші ұйымның электр қондырғыларына жалғауға берілетін техникалық шарттар мәтініндегі мазмұнында талаптар белгіленген. Электрлік желіге қосылу үшін өтінім берген тұтынушыларға Қағиданың 17 тармағында көрсетілгеннен басқа қосымша талап ету заңсыз екендігін белгілейміз.

- Жобалау құжаттамасына келісім алу мерзімі қандай?

Сондай-ақ, 10-тармағының 6-тармақшасына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтің қолжетімділігі

ұсынылған кезде табиғи монополия субъектісіне: құрылыс жобасының табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарға сәйкестігіне келісуді талап етуге тыйым салынады.

- Жеке тұлға үшін электр қондырғыларына жобалау құжаттамасы қажет пе?

Тұтынушыға (жеке тұлға) өтінім кезінде энергия беруші ұйымына электр қондырғыларына кернеуі беру туралы жобалау құжаттамасы басқа жағдайда, (құрылыс, жобалау, инженерлік инфраструктурасындағы объектілер реконструкциясы сәулет, қала құрылысы және (немесе) құрылыс қызметіне жататын жұмысын (қызметін) орындаған кезде,) Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» шарттасылған талаптарындағы қажеттілігіне қажет емес.

Сондықтан энергия беруші ұйымы жобалау құжаттамасы жоқ кезде, егер оның міндетті болуы Заңда ескерілмеген болса тұтынушыға (жеке тұлға) кернеу беруіне бас тарту заңсыз әрекет.

- Тұтынушының энергия беруші ұйымы электр желілеріне қандай мерзімде қосады?

Тұтынушы анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін энергия беруші (электр өндіруші) ұйым электр қондырғыларын үнемі пайдалану үшін өзінің электр желілеріне қосады. Энергия беруші ұйым тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалануға қосу барысында төмендегі мерзімде кернеу жібереді:

- энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым сырттай қосылу және электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін пайдалануға беру туралы қорытындымен, тұтынушы электр қондырғыларын қосуға материалдар ұсынғаннан кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде тексеріп байқады;

- энергиямен жабдықтаушы ұйым энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымды электрмен жабдықтау шартын жасасу туралы 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде хабарлайды;

- энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым электрмен жабдықтау шартына қол қойылған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде тұтынушының электр қондырғыларына кернеу жібереді.

Тұтынушыға электр энергиясын қосу және жіберу тек коммерциялық есепке алу жүйесі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкес қызметін реттеу мәселелері және бизнес-орталығын дамыту сұрақтары бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қарастырылуда. Бұл жобада ашық ұсыныс принципі бойынша электрмен жабдықтау келісім шарты жасалып, тұтынушыға электрмен жабдықтау келісім шартына қол қою қажеттілігін алып тасталынады, келісім шарт жасасу құжаттары энергия беруші ұйымдарымен жолданып және электр энергиясын іс жүзінде пайдалану кезінен бастап күшіне енетін болып есептелінеді.

- Сұхбатыңызға рақмет.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІН ӨНІМ ЖОЙЫЛУҒА НЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛУҒА НЕМЕСЕ ҚАЙТА ӨҢДЕУГЕ НЕМЕСЕ КЕРІ ӘКЕТУГЕ ЖАТАДЫ

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 44-НҚ бұйрығымен техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін шаруашылық немесе өзге де қызметте қолдануға жатпайтын, алынған өнімді жою не кәдеге жарату немесе қайта өңдеу немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кері өкету жөніндегі талаптар бекітілді (бұдан өрі - Талаптар).



Талаптар «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзгерленді және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіретін алып қойылған өнімге қойылатын талаптарды белгілейді.

Қадағалау субъектісінің өнімді иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығынан айыру, жою, кәдеге жарату немесе қайта өңдеу немесе кері өкету туралы сот шешімі шығарылғаннан кейін талаптардың техникалық регламенттерге сәйкес келмеуі мемлекеттік бақылау және қадағалау барысында зертханалық сынақтардың нәтижелерімен дәлелденетін өнім жататын болады.

Алынған өнімді жою не кәдеге жарату немесе қайта өңдеу немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кері өкету тәсілін айқындау және осы жұмыстарды үйлестіру үшін Қазақстан Республикасы облыстарының аумағында комиссиялар құрылатын болады. Құрамына Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органы, жергілікті атқарушы органы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің, үкіметтік емес ұйымдар мен қауымдастықтардың өкілдері кіреді (келісім бойынша).

Қайта өңдеу әдісі өнім түріне байланысты тандалады, онда өнім бастапқы тұтынушылық қасиеттерін жоғалтпай және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын сапасындағы заңнаманың міндетті талаптарын сақтай отырып, шикізатқа, энергияға, өзге де тұтынушылық қасиеттері бар өнімге айналуы мүмкін.

Егер өнім қайта өңдеуге жатпайтын болса, онда ол техникалық қолжетімді тәсілмен (термиялық, химиялық, механикалық, биологиялық) жойылады не кәдеге жаратылады немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кері өкетіледі.

Алып қойылған өнімді жою не кәдеге жарату немесе қайта өңдеу орын қадағалау субъектісімен және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қоршаған ортаны қорғаудың уәкілетті органдарымен келісім бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды, ал қайта өңдеу орын қадағалау субъектісі айқындайды.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кері өкету қадағалау субъектісі айқындаған мемлекетке жүзеге асырылады.

Қадағалау субъектісі Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 349-НҚ бұйрығымен бекітілген алып қойылған өнімді сақтау қағидаларына сәйкес алып қойылған өнімнің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Алып қойылған өнімнің сақталуы жөніндегі талаптар орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қадағалау субъектісі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462 бабы үшінші бөлігіне сәйкес жауапты болады.

Екатерина ПЕТРИНА,  
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ (бұдан өрі - Департамент) мемлекеттік қызметшілер мен тұрғындар арасында сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында мемлекеттік органдар басшыларының қатысуымен энергетикалық кәсіпорындар басшыларымен тұрақты негізде кеңес өткізеді, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаментінің 2023-2024 жылдарға арналған бекітілген іс-шаралар жо-

спарына сәйкес аудандарға шығуды жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - бұл қысқа мерзімді компания емес, егемен мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі маңызды мемлекеттік міндет, күшті тармақталған мемлекеттік билік, мемлекеттің әлеуметтік саладағы күшті саясаты. Қазақстан Республикасының азаматына сенім арту және жариялықты қажет. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шенеуніктер, мемлекеттік қызметкерлер арасындағы паракорлық фактілерімен және оған қарсы тұру үшін жаңа орган құрумен

шектелмейтінін түсіну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті мақсатты, кешенді және үздіксіз жүргізу қажет. Бұл ретте күш-жігер сыбайлас жемқорлық фактілерін және оның себептерін анықтауға және жолын кесуге бағытталуы тиіс. Осылайша, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бірі күресуі керек, содан кейін ғана қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбешілік атмосферасы қалыптасады және осы ауылдыққа қарсы күресте оң нәтижелерге сенуге болады.

Николай БОРЗИЛОВ,  
облыстық аумақтық департамент басшысы.



Дүйсенбі, 19 ақпан	Сейсенбі, 20 ақпан	Сәрсенбі, 21 ақпан	Бейсенбі, 22 ақпан	Жұма, 23 ақпан	Сенбі, 24 ақпан	Жексенбі, 25 ақпан
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.40 ШАҒЫРАҚ. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ДАЛА ДӘМІ. 14.50 АҚОРДА. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 ШАҒЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 15.15 БИРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 Д/Ф. 15.15 БИРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ШАҒЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 Д/Ф. 15.15 БИРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 23.35, 01.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.55 ШАҒЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30, 02.00 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 Д/Ф. 15.15, 03.20 БИРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 01.05 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 PARASAT MAIDANY.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00 АҚПАРАТ. 07.00 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.30 ШАҒЫРАҚ. 08.00 М/Ф. 09.00, 03.25 ТЕЛЕДӨРИГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 ӘН МЕН ӘНШІ. 15.10 М/Ф «САҒЫНБАЛ: ЖЕТИ ТЕҢІЗ АҒЫЗЫ». 16.25, 17.20 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 20.00 ЕКІ ЛЕБІЗ. 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.25 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 01.15 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.35 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.25 «ҚЫЗ ЖІБЕК», Х/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 14.30 М/Ф. 15.45 ІНЖУ-МАРЖАН. 16.55 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 17.40 ОТАНДЫҚ BRAND. 20.00, 02.45 АПТА. 20.50, 03.35 АҚОРДА. 21.00 КОНЦЕРТ. 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.25 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 01.15 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2».

Дүйсенбі, 19 ақпан	Сейсенбі, 20 ақпан	Сәрсенбі, 21 ақпан	Бейсенбі, 22 ақпан	Жұма, 23 ақпан	Сенбі, 24 ақпан	Жексенбі, 25 ақпан
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 «ПЕРВАЯ ДОЧЬ», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН. 10.25 М/Ф. 11.45 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00, 23.30 Т/Х «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 22.45 Т/Х «ҚАРАСУ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ-2». 07.00 ОЯН. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.25 М/Ф. 11.50 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00, 23.30 Т/Х «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 22.45 Т/Х «ҚАРАСУ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ-2». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕКТЕП. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00, 23.30 Т/Х «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 17.00 Т/Х «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 22.45 Т/Х «ЖАҒЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 ШКОЛА. 10.25 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 11.00 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00, 23.30 Т/Х «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 22.45 Т/Х «ЖАҒЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00 Т/Х «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 МЕГАХИТ. «ДЖОЙ». 23.45 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 ҚАЗЫНА. 10.00 МЕГАХИТ. «ДЖОЙ». 12.00 М/Ф. 13.20 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 14.00, 00.00 ӘСЕМ ӘНДЕР. 14.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 21.40 «ПОЦЕЛУЙ НА УДАЧУ», Х/Ф.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 «ПОЦЕЛУЙ НА УДАЧУ», Х/Ф. 12.00 М/Ф. 13.20 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 14.00 «ӨКЕ КӨРГЕН». 14.45 COVER SHOW. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.10 «ПРИНЦЕССА МОНАКО», Х/Ф. 00.10 ӨКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 19 ақпан	Сейсенбі, 20 ақпан	Сәрсенбі, 21 ақпан	Бейсенбі, 22 ақпан	Жұма, 23 ақпан	Сенбі, 24 ақпан	Жексенбі, 25 ақпан
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ВОСЕМЬ БУСИН НА ТОНКОЙ НИТОЧКЕ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ГРУППА «ZETA-2»». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ГРУППА «ZETA-2»». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ГРУППА «ZETA-2»». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.30 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ГРУППА «ZETA-2»». 14.00, 01.45 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.15 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 «О ЧЕМ ОНА МОЛЧИТ», Х/Ф.	06.00, 03.35 ТОЙ БАЗАР. 08.05, 02.50 «П@УТИНА». 09.00 «ПОСЛЕДНИЙ РАЗ ПРОЩАЮСЬ», Х/Ф. 11.05 «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ», Х/Ф. 15.00 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 17.00 «ИВАН ЦАРЕВИЧ И СЕРЫЙ ВОЛК-2», Х/Ф. 18.30, 02.25 АЙНА. 19.00 «НЕИДЕАЛЬНЫЙ МУЖЧИНА», Х/Ф. 18.10, 02.30 ОГУТАЙ. 20.00 «ДОЛЖОК», Х/Ф. 20.45 «СВОДНАЯ», Х/Ф. 00.20 «БОЙ С ТЕНЬЮ», Х/Ф.	06.00, 03.30 ТОЙ БАЗАР. 07.25 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 07.40 «П@УТИНА». 08.40 БЕЙКУНӨ. 10.30 ҚАЙМАҚ. 11.05 «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ-2», Х/Ф. 15.00 «НЕИДЕАЛЬНЫЙ МУЖЧИНА», Х/Ф. 17.00, 02.30 ОГУТАЙ. 18.10 «ДОЛЖОК», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «СВОДНАЯ», Х/Ф. 00.20 «БОЙ С ТЕНЬЮ», Х/Ф.

Егер естілердің қатарында болып келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір ең болмаса айында бір өзіңнен – өзің есеп ал! Сол алдағы есеп алағаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен... өзің өкінібестей қылықпен өткіздің бе? Жоқ болмаса, не қып өткізгеніңді өзің де білмей қалыптысың?  
Абай ҚҰНАНБАЕВ.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

# ОТАНДЫ ҚОРҒАУ - ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

Ақорданың хабарлауынша, 2024 жылғы 2 ақпанда Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2024 жылғы наурыз – маусым және қыркүйек – желтоқсанда кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлыққа қол қойды.

2024 жылғы наурыздан маусымға дейін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет қызметіне мерзімді әскери қызметке көктемгі шақыру жүргізілетін болады.

Тілек білдірген, бұрын мерзімді әскери қызмет өткермеген азаматтар қорғаныс істері жөніндегі бөлімге өз бетінше жүгініп, Отанды қорғау жөніндегі өз борышын орындай алады.

Біздің еліміздің, Қазақстан Республикасының Негізгі заңының 36-тармағына сәйкес, өз Отанын қорғау ұлты мен әлеуметтік төгіне, тұрғылықты жеріне, мүлкі және лауазымдық жағдайына, нәсіліне, тіліне, біліміне, дініне көзқарасына, кәсібінің түрі мен сипатына, саяси және өзге де сенімдеріне, қоғамға қатыстылығына қарамастан, оның әрбір азаматының қасиетті борышы мен міндеті болып табылады. «Парыз» ұғымы, ең алдымен, адамның қоғам алдындағы адамгершілік міндеті - мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау, сондай-ақ өз Отанының қауіпсіздігін қамтамасыз ету деп түсініледі.

Қазақстанда әскерден жалтарғаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 443 бабына сәйкес 200 АЕК-ке дейін айыппұл салынады (2024 жылы 738 мың теңге) не тазуе жұмыстары, не 50 тәулікке дейін қамауға алынады.

Өткен жылы ҚР Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, әскерге шақырылғандардың шамамен 38%-ы әскерде қызмет етуден жалтаруға тырысқан. Алайда, кейіннен олар «шақыру науқанына оң әсер етті» деп ойларын өзгертті.

642 бапқа «Бастапқы әскери есепке қоюға не әскерге шақыру ұчаскеріне тіркелуге жататын азаматтардың тізімдерін жергілікті әскери басқару органына ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау» сәйкес бастапқы әскери есепке қоюға не әскерге шақыру ұчаскеріне тіркелуге жататын азаматтардың тізімдерін белгіленген мерзімде жергілікті әскери басқару органына ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау – ұйымдардың, оқу орнының лауазымды адамдарына, сондай-ақ тұрғын үйлерді пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды адамдарына және үй иелеріне – он, ұйымдардың, оқу



орындарының бірінші басшыларына – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

Ал 644 бапқа «Азаматтардың жергілікті әскери басқару органының шақыруы туралы құлақтандырмау» сәйкес азаматтарды ұйым басшысының немесе әскери-есепке алу жұмысына жауапты басқа да жауапты тұлғасының жергілікті әскери басқару органының шақыруы туралы құлақтандырмауы, сол сияқты азаматтарға жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша уақтылы келу мүмкіндігін қамтамасыз етпеуі – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

645 бапқа «Әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті тұрғылықты азаматтар құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтерді уақтылы ұсынбау» сәйкес әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті тұрақты тұрып жатқан азаматтар құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтерді әскери есеп жүргізу жүктелген органдарға уақтылы ұсынбау – он айлық есептік көрсеткішке дейінгі

мөлшерде айыппұл салуға өкел соғады. 646 бапта «Әскери міндеттілер, әскерге шақырылушылар мен азаматтар туралы мәліметтерді хабарламау» келесідей жауапкершіліктер қарастырылған:

1. Халықты әлеуметтік қорғау органы лауазымды адамының әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті азаматтардың мүгедектігі бар адам деп танылуы туралы, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдары лауазымды адамының стационарлық емделудегі және диспансерлік есептегі әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар туралы мәліметтерді жергілікті әскери басқару органына белгіленген мерзімде хабарламауы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

2. Азаматтық хал актілерін жазу органы лауазымды адамының жергілікті әскери басқару органына әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті азаматтардың азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізілгендігі туралы белгіленген мерзімде хабарламауы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

3. Ұйым басшысының немесе басқа лауазымды адамының әскери есепке алуды

жүзеге асыратын органға тұрғылықты жері бойынша әскери есепке тұруға міндетті, бірақ тұрмаған, жұмысқа (оқуға) қабылданған азаматтар туралы хабарламауы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

4. Анықтау және алдын ала тергеу органдарының хабардар етуге жауапты лауазымды адамдарының анықтау немесе алдын ала тергеу оларға қатысты жүргізіліп жатқан әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар туралы жергілікті әскери басқару органына заңнамада белгіленген мерзімде хабарламауы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

5. Соттардың жергілікті әскери басқару органы хабардар етуге жауапты лауазымды адамдарының сот оларға қатысты қылмыстық істер қарап жатқан әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар туралы, сондай-ақ оларға қатысты заңды күшіне енген үкімдер туралы заңнамада белгіленген мерзімде хабарламауы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

Сонымен қатар, 647 бапқа «Азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамауы» сәйкес әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті азаматтың жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша көрсетілген мерзімде дәлелді сөзбенсіз келмеуі не елді мекенге (әкімшілік ауданға) тұрақты тұрғылықты жерге немесе уақытша (үш айдан астам мерзімге) тұруға келуі, сондай-ақ қызметтік іссапарларға, оқуға, демалысқа немесе емделуге (үш айдан астам мерзімге) келіп, келген жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жеті жұмыс күні ішінде әскери есепке қою туралы өтінішпен жүгінуге міндетті азаматтың белгіленген мерзімде дәлелді себептерсіз келмеуі – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

Ескерту. 647-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.11.2015 № 408-V Заңымен (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

648 бап «Медициналық тексерілуден немесе жындардан жалтару» негізінде мынадай жауапкершілік қарастырылған: 1. Азаматтарды әскери есепке қою жөніндегі комиссияның немесе әскерге шақыру комиссиясының жолдамасы бойынша медициналық куәландырудан не тексерілуден жалтару – әскери міндеттілерге – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ал әскерге шақырылушыларға ескерту жасауға не үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

2. Әскери міндеттілердің әскери жиындардан жалтаруы – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

Самат МҰХАМЕДЖАНОВ, әскерге шақыру және ескерден тыс жұмыс қызметінің басшысы.

## ЦИФРЛАНДЫРУ

### ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЕНДІ ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖАЛҒА БЕРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ҰЗАРТУ ҚЫЗМЕТІН EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ОНЛАЙН РЕЖИМІНДЕ АЛА АЛАДЫ



Енді әскери қызметшілерге қызметтік баспананы жалға алу шартын алу үшін құжаттар тізімімен жұмыс орнына барып, кезекке тұрудың қажеті жоқ. Әскери қызметшілер eGov.kz порталы арқылы қызметтік тұрғын үйді жалдау шартына онлайн қол қойып, ұзарта алады.

Қызметті алу үшін eGov.kz порталындағы «Азаматтар» → «Әскери есеп және қауіпсіздік» → «Әскери қызмет» бөліміне өтіп, «ҚР Қарулы күштерінің қызметтік баспанасын жалға алу шартын жасау және ұзарту» қызметін таңдау қажет. Содан кейін жүйеге кіріп, барлық қажетті өрістерді толтырыңыз және қолжетімді әдісті пайдаланып қол қойыңыз. Қызмет тегін көрсетіледі, ал қызмет көрсету мерзімі 10 жұмыс күнін құрайды.

ҚР Қорғаныс министрлігінің, ЦДИАӨМ-нің және «ҰАТ» АҚ-ның ынтымақтастығының арқасында бұл қызметтің тиімді пайдаланылуы үшін қолжетімді болды.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ  
Қоғаммен байланыс басқармасы.  
www.nitec.kz

## ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБА

### «БІРІНШІ ЖҰМЫС ОРНЫ»

«Бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру 35 жастан аспаған, жұмыс тәжірибесі жоқ, зейнетақы аударымдары жоқ жастар қатарынан алғаш рет жұмыс іздеп жүрген колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне, оның ішінде NEET санатындағы жастарға (NEET санатындағы жастар-әлеуметтік және экономикалық сипаттағы белгілі бір жағдайларға байланысты оқымайтын, жұмыс істемейтін және біліктілігін арттырмайтын жастар) арналған бірінші жұмыс орнында кәсіби білім мен дағдыларды қамтамасыз ету үшін оқиды.

Бірінші жұмыс орнындағы жұмыс уақыты 18 айдан аспайды, аяқталғаннан кейін қатысушыға бағдарламаға қатысушы бірінші жұмыс орнына қатысқан жұмыс берушіде кемінде 12 ай мерзімге тұрақты жұмыс орны беріледі.

Жұмыс беруші «Бірінші жұмыс орны» жобасы шеңберінде жұмысқа орналастырылған адамға жобаға қатысу уақытына кәсіби білімі мен жұмыс тәжірибесін беру үшін тәжірибелі қызметкерлер қатарынан тәлімгерді бекітеді.

«Бірінші жұмыс орны» қатысушыларына айына жалақы мөлшері салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдар мен банктік қызметтерді ескере отырып, кемінде 30 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Оқу орындарының түлектері үшін «Бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыс

орындары олар алған кәсіп (мамандық) немесе байланысты кәсіп (мамандық) бойынша құрылады.

«Бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыс беруші өзбек ұтқырлығы орталығымен жасалған шарт негізінде қатысушыны 18 айдан аспайтын мерзіммен жұмысқа орналастырады.

«Бірінші жұмыс орны» жобасына қатысу үшін үміткер тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына өтінішпен жүгінуі қажет. Өтінішке мынадай құжаттардың көшірмелері қоса беріледі:

- Жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін).

- Білімі туралы құжат (бар болса).  
Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық мансаптық орталығы.

Директор - бас редактор

Незір ГОНЧАР

Газеттің мәтін нөсі:

«Газета»-«Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік

Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,

Будалаев қаласы, Батыр Баиы көшесі, 13 үй.

Тел: 2-17-49.

Басқалық индексі 65360

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына

1 рет бейсенбі күні

шығады

«MagJan Juldizy» газеті

редакцияда теріліп беттеледі.

«Северный Казахстан»

баспаханасында басылды.

(Петроваул қ., Конауков к-сі, 5 үй).

Тарауымы - 780

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнамалық мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолажабалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәтініне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.